

## Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Жамбыл облысы Шу аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 6 қаулысы  
**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Жамбыл облысы Шу ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ербол Еркінұлы Аймамбетовке жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Р. Дәулет*

Аудан әкімдігінің  
2016 жылғы "6" қаңтардағы  
№ 6 қаулысына қосымша

1. Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 ақпандағы "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу туралы" № 39 қаулысы ( Жамбыл облысы Шу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 11 наурызында № 6-11-105 нөмірімен тіркелді).

2. Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу туралы" № 698 қаулысы ( Жамбыл облысы Шу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 желтоқсанында № 6-11-115 нөмірімен тіркелді).